# V МОДУЛЬ ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ

## 2-сабақ Дау айту туралы әкімшілік талап қою

### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

белгілеу
сұрау
сақтау
ескеру
рәсімдеу
дау айту
жұмыс беруші
Еңбек кодексі
негізге алу

еңбек қызметі
еңбек инспекциясы
комиссия мүшелері
қауіпсіздік ережелері
зақым келтіру
оқиғаны тексеру
түсініктемесін растау
жауапкердің шығарған актісі
тергеп-тексеру материалдары

### 2. Берілген етістіктерді III жақта жазыңыз.

Үлгі: өткізу - өткізді

белгілеу
сұрау
сақтау
ескерілу
рәсімделу
негізге алу
зақым келтіру
оқиғаны тексеру
түсініктемесін растау

### 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| еңбек | тексеру |
| еңбек | растау |
| комиссия | келтіру |
| зақым | мүшелері |
| оқиғаны | тексеру |
| түсініктемесін | инспекциясы |
| жауапкердің | шығарған актісі |
| тергеп-тексеру | материалдары |
| негізге | алу |
| зақым | келтіру |
| оқиғасын | растау |
| түсініктемесін | қызметі |



LIVEWORKSHEETS

## 4. Аударласымен сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| белгілеу | потверждение пояснения |
| сұрау | проверка события |
| сақтау | повреждение |
| ескеру | обозначять, определить |
| рәсімдеу | запросить |
| негізге алу | хранить |
| зақым келтіру | учитывать |
| оқиғаны тексеру | оформлять |
| түсініктемесін растау | взять за основу |

## 5. Тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.

Талап қоюшы:

Мекенжайы:

Жауапкер:

Мекенжайы:

## 6. Мәтінді тыңдаңыз және оқыңыз.

2021 жылы 15 сәуір күні менің жұмыс орным «Қарағанды жылу басқармасы» ЖШС өндірістік цехында дәнекерлеп жатқан темір сынып, ұшы жұмыскерге тиді, оның ішінде менің аяғыма құлап зақым келтірді.

Жұмыс беруші мен бірге жауапкер өкілі мемлекеттік еңбек инспекторы А.Смағұлов жазатайым оқиғасын тексеріп, 25.04.2021 жылы №15 актісін шығарып, жұмыс берушінің кінәсі 50 пайыз, жұмыскердің кінәсі 50 пайыз деп белгіледі.

Жазатайым оқиғасы актісімен толық келіспеймін, себебі актіде көрсеткен «дәнекерлеуші Берік Т.М. дәнекерлеу жұмыстары жасалап жатқан кезде қауіпсіздік ережелерін сақтамай жарақат алды» бұл сөздермен келіспеймін. Оны қасымда болған жұмыскерлер де өз түсініктемелерінде растаған. Жұмыс күні басталған кезде толық сақтандыру құралдарын қоймадан алғаны туралы да арнайы журналда белгі бар.

## 7. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| жұмыс | келтірді |
| еңбек | инспекциясы |
| толық | беруші |
| жазатайым | ережелері |
| қауіпсіздік | жұмыстары |
| зақым | келіспеймін |
| дәнекерлеу | оқиғасы |
| толық | сақтандыру |
| арнайы | журнал |



LIVEWORKSHEETS

## 8. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.

Жауапкердің шығарған актісі __________ және ___________. Қазақстан Республикасының ___________ 190-бабы 2-бөлігіне сәйкес, еңбек қызметіне байланысты _____________________ актісі ____________________ материалдарына сәйкес және ______________ көпшілігінің пікірлері ескеріле отырып рәсімделуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, соттан Қарағанды облысы ____________________________________ шығарған 25.04.2021 жылғы №15 ____________________ байланысты жазатайым оқиғаның актісін _______________, жұмыс берушінің кінәсі 100 пайыз, жұмыскердің кінәсі 0 пайыз деп _____________________.

## 9. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың ___

актісі | актісіне | актісінің

2. Комиссия мүшелері пікірлері ескеріле отырып ___ тиіс.

рәсімделуі | рәсімдеу | рәсімделуінің

3. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның актісін заңсыз деп ___

тану | танып | таныды

4. Жұмыс берушінің кінәсі 100 пайыз, жұмыскердің кінәсі 0 пайыз деп белгілеуді ___

сұрайды | сұрады | сұраймын

## 10. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

- талап-арыз
- жеке куәлігі
- мемлекеттік баж салығы;
- арыз көшірмесі;
- акт көшірмесі;
- анықтама көшірмесі



LIVEWORKSHEETS

Қарағанды облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотына
Талап қоюшы: Берік Талғат Мақсатұлы,
ЖИН 740520350115
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Жекебаев көшесі, 20-үй,
телефон. 87014502121
**Жауапкер:** Қарағанды облысының
еңбек инспекциясы,
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 73
телефон: 43-30-55

## ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ

2021 жылы 15 сәуір күні менің жұмыс орным «Қарағанды жылу басқармасы» ЖШС өндірістік цехында дәнекерлеп жатқан темір сынып үш жұмыскерге тиді, оның ішінде менің аяғыма құлап зақым келтірді.

Жұмыс берушімен бірге жауапкер өкілі мемлекеттік еңбек инспекторы А.Смағұлов жазатайым оқиғасын тексеріп, 25.04.2021 жылы №15 актісін шығарып, жұмыс берушінің кінәсі 50 пайыз, жұмыскердің кінәсі 50 пайыз деп белгіледі.

Жазатайым оқиғасы актісімен мен толық келіспеймін, себебі актіде көрсеткен «дәнекерлеуші Берік Т.М. дәнекерлеу жұмыстары жасалап жатқан кезде қауіпсіздік ережелерін сақтамай жарақат алды» бұл сөздерді жоққа шығарамын. Оны қасымда болған жұмыскерлер де өз түсініктемелерінде растаған. Жұмыс күні басталған кезде толық сақтандыру құралдарын қоймадан алғаны туралы да арнайы журналда белгі бар.

Жауапкердің шығарған актісі негізсіз және заңға қайшы. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 190-бабы 2-бөлігіне сәйкес, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардың актісі тергеп-тексеру материалдарына сәйкес және комиссия мүшелері көпшілігінің пікірлері ескеріле отырып рәсімделуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгенді негізге ала отырып, соттан Қарағанды облысы еңбек инспекциясы шығарған 25.04.2021 жылғы №15 еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның актісін заңсыз деп танып, жұмыс берушінің кінәсі 100 пайыз, жұмыскердің кінәсі 0 пайыз деп белгілеуді сұраймын.

Талап қоюшы: ________________ 09.07.2021ж.

Қосымша:
- талап-арыз 3 дана;
- жеке куәлігі;
- мемлекеттік баж салығы;
- арыз көшірмесі;
- акт көшірмесі;
- анықтама көшірмесі



LIVEWORKSHEETS